

ДЗЮДО

Балуандарымыздың жеті жүлдесі

Күні кеше ғана Астанадағы «Барыс Аренада» өткен «Qazaqstan Barysy Grand Slam 2023» турнирінде ел дзюдошылары жеті жүлде олжалап, барша жанкүйерлерді қуаныш пен шаттыққа бөледі. Тарқатып айтсақ, олар – 1 алтын, 1 күміс және 5 қола медаль еншіледі. Бұған дейінгі жарыстың бірде-біреуінде біздің спортшылар дәл осындай орасан зор табысқа қол жеткізген жоқ.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Статистикаға жүгінсек, Grand Slam турнирінде Қазақстан құрама командасының мүшелері жеті рет қана жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілген екен. Бір алтын және төрт жүлдеден артық алған кезіміз жоқ. Бұл жолы әнұранымыз бір-ақ мәрте шырқалғанымен, медаль саны мол болды. Соның нәтижесінде Астанадағы доданың жалпы командалық есебінде жерлес-терміз төртінші орынға табан тіреді. Алдымызда – Испания (2 алтын+1 күміс+2 қола), Италия (2+0+0) және Франция (1+2+4) құрамалары. Үздік бестікті Жапония (1+1+0) дзюдошылары түйіндеді.

Қазақ елінің беткеұстар балуандары арасынан аталған жарысқа тек Елдос Сметов (60 кило) пен Әбіба Әбужақынова (48 кило) ғана қатыспады. Олар әлі де ескі жарақаттарынан толықтай айықпаған көрінеді. Сол себепті қос саңлақ бұл турнирден босатылды. Азия ойындарының жеңімпазы Дидар Хамза да (90 кило) бұл жолы бой көрсеткен жоқ. Қалған мықтылардың төрт көздері түгел болды.

Біздің дзюдошылар арасынан Мағжан Шамшадин асқан шеберлік танытты. Ол 2015 жылы жастар арасында әлем чемпионы атанғанда қуанбаған қазақ жоқ еді. Сол кезде білікті бапкерлердің өздері «Бұл баланың болашағы жарқын» десіп жатты. Бірақ бәрі біз күткендей болмады. Ересектер дуында Мағжанға өзін мойындату қиынға соқты. Сыр бойының сайыпқыраны ұзақ уақыт бойы дүбірлі додаларда үздіктер санатынан көріне алмады. Ал осы жолы ол керемет өнер көрсетті. 60 кило салмақта сынға түскен Шамшадин әзербайжандык Нәдір Талибов, өзбекстандык Бахром Ботуров, тәжікстандык Мерзод Суфиев және франциялык Седрик Революды ұтып, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

66 кило салмақта күрескен Ғұсман Қырғызбаев ақтық сынға дейін алқынбай жетті. Тұсаускер кездесуінде соқыр жеребе оны ресейлік Яго Абуладземен жолықтырды. Дәл осы балуаннан қандасымыз 2021 жылы Будапеште өткен әлем чемпионатының финалында ұтылған еді. Бұл жолы Ғұсман кеткен есені қайтарып, атакты қарсыласын голден-скорда алып ұрды. Одан



кейін моңғолиялық Нармандах Баянмұх, әзербайжандык Камран Сулейманов және өзбекстандык Мұхиддин Тилововты тізе бүктірді. Финалда Қырғызбаевты испаниялык Гарсия Торнеге әлі жетпеді.

Тағы бес жерлесіміз жеңіс тұғырының үшінші тұғырына көтерілді. 73 кило салмақтың қола медалін Жансай Сәмағұлов пен Данияр Шамшаев өзара сарапқа салды. Екеуінің жас айырмашылығы – бақандай тоғыз жас. Жансай – 30-да, Данияр – 21-де. Бұл бәсекеде жас жолбарыстың мысы басым болды. Шешуші тұста ширақ қимылдаған Шамшаев қарсыласының сәл кәдіріп қалған сәтін ұтымды пайдаланып, Смағұловқа сан соқтырып кетті.

Осы салмақ дәрежесінің екінші қола медалі Аскар Наркұловқа бұйырды. Күні бүгінге дейін көзге түспей, әлемдік рейтингте ТОП-100-дікке ене алмай жүрген 23 жастағы қазақ балуаны Астана төрінде өзін жақсы қырынан көрсетті. Ол ұлыбританиялык Оливер Шорт, IJF-тің тізімінде 12-орында тұрған өзбекстандык Шахрам Анадов, Еуропа чемпионы, косовалык Ахил Гякова және жастар арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, грузиялык Георгий Терашвиладан басым түсті. Бұл – әзірге Асқардың спорттық мансабындағы ең қомақты табыс.

100 кило салмақ дәрежесінің қола жүлдесі үшін қазақтың қос қыраны таласты. Алғашқысы

– екі бірдей Олимпиадаға қатысып, Азия ойындары мен чемпионатында жүлдегерлер қатарына қосылған 32 жастағы Ислам Бозбаев. Екіншісі – жасөспірімдердің Дүниежүзілік Универсиадаcының жеңімпазы, 22 жастағы Бекарыс Сәдуақас. Бұл тартыста сақа спортшының мерейі үстем болды. Еліміздің ерлер құрамасының коржынына тағы бір қоланы Ғалымжан Қырықбай салды. Алыптармен айқасқан қазақтың нар тұлғалы жігіті шешуші тұста жастар арасындағы әлем чемпионы, грузиялык Саба Инанейшвиліді қос жауырынымен жерге қадады.

Әйелдер арасындағы жарыста аса жеңіл салмақтағы Ғалия Тынбаева қола медаль үшін

тартыста жеңіліс тапқаннан кейін енді бізге жүлде бұйырмайтын шығар деп ойладық. Айтқандай-ақ, татамиге шыққан бұрымдыларымыз бірінен кейін бірі ұтылып жатты. Алайда жарыстың соңғы күні Ақерке Рамазанова жергілікті көрермендерді бір қауанып тастады. 22 жастағы қазақ қызы бастапқы екі бәсекеде әлемдік рейтингте өзінен әлдеқайда жоғары тұрған екі қарсыласынан басым түсіп, жартылай финалда нидерландтық Марит Капске жол берді. Одан кейін франциялык Карен Стивенсонды ойсырата ұтып, қола медальді мойнына ілді. Дәл сол Стивенсон соның алдында ғана біздің Кәмиля Берлікашты жолынан ығыстырған еді.

«Qazaqstan Barysy Grand Slam 2023» турнирінің деңгейі жоғары болғаны соншалық, атағы алысқа жайылған балуандардың кейбірі жүлдеге қол жеткізе алмай, елдеріне еңселері езіліп қайтты. Олардың қатарында Олимпиада чемпиондары – Фабио Базиле (66 кило), Хасан Қалмұрзаев (81 кило), Пинот Марго (70 кило), Олимпиаданың күміс жүлдегері, әлем чемпионы Гурам Тушишвили (+100 кило), Олимпиаданың күміс және әлем чемпионатының бес дүркін жүлдегері Телма Мантейро (57 кило), әлем чемпионы Яго Абуладзе (66 кило), әлем чемпионатының жүлдегерлері – Хуссейн Қалмұрзаев (90 кило), Тома Никифоров (100 кило), Ушанги Кокаури (+100 кило) және тағы басқа сақа спортшылар бар.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасына 2023 жылға арналған міндетті мүшелік жарналар туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1-тармағына сәйкес «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Съезде келесі шешімдерді (2016 жылғы 16 маусымдағы №3 хаттама) қабылдағаны туралы хабарлайды:

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 2-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінің топтары ішінде сатылау белгіленісн және міндетті мүшелік жарналардың келесі мөлшерлері бекітілісн:

Топ	Топ ішіндегі сатылау (2022 жылғы айлық есептік көрсеткіштегі 2022 жылғы жылдық жиынтық табысы)		2023 жылға арналған жарна мөлшері (2023 жылғы айлық есептік көрсеткіште)
	бастап	дейін	
Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері	300 000	420 000	105
	420 000	690 000	130
	690 000	1 500 000	155
«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері	1 500 000	2 310 000	505
	2 310 000	3 120 000	1 010
	3 120 000	3 930 000	1 515
	3 930 000	4 740 000	2 020
	4 740 000	5 550 000	2 525
	5 550 000		3 030

2. Міндетті мүшелік жарна төлеуден «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 2-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілер тобы:

1) **50% мөлшерінде:** заңды тұлға (негізгі ұйым) және есепті күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей не жанама түрде негізгі ұйымға тиесілі заңды тұлғалардың әрқайсысы;
2) **25% мөлшерінде:** заңды тұлға (негізгі ұйым) және есепті күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей не жанама түрде негізгі ұйымға тиесілі заңды тұлғалардың әрқайсысы босатылсын.

3. Осы шешімнің 2-тармағын жүзеге асыру мақсатында:
1) «тиесілігі» деген ұғым жекеменшік құқығындағы тиесілілікті білдіреді;
2) «жанама түрде тиесілігі» деген ұғым әрбір келесі заңды тұлғаның өзге заңды тұлғаның акцияларын (қатысу үлестерін) жекеменшік құқығымен иеленуін білдіреді;
3) нақты бір заңды тұлғаға қатысты осы шешімнің 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген критерийлер сәйкес келген кезде аталған заңды тұлға **25%** мөлшеріндегі міндетті мүшелік жарналарды төлеуден босатылады;
4) міндетті мүшелік жарналарды төлеуден босату нақты заңды тұлғаға қатысты бір рет қолданылады.
4. Есепті кезеңде қызметкерлердің жалпы санынан мүгедектігі бар адамдар саны елу бір пайыздан кем емес санды құрайтын ұйымдар міндетті мүшелік жарналарды төлеуден 100% мөлшерінде босатылсын.

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Атырау қаласы Студенттер даңғылы, 1 мекенжайында орналасқан «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма мүшесі – ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор бос лауазымына конкурс жариялайды.

Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберілмейді:
1) жиырма бес жастан кіші;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
3) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;

4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға университет сайтында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады. Сайтқа сілтеме: <https://asu.edu.kz/ru/>

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1. Ғылыми Кеңес залына жіберу керек. телефон: 8 (7122) 27-63-05, 87015633888.

«Евразия» сактандыру компаниясы АҚ қатаң есептіліктің №1707890 және №1709927 эмбебап сактандыру бланкілерінің жоғалғаны туралы хабарлайды. Көрсетілген бланкілер жарамсыз болып саналады. Барлық сурақ бойынша +7 (727) 258-43-36 телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады.

Утерьянную 16 июня 2023 года печать ТОО «ЦА НИПИ «ТрансНефть», БИН 000840000908, считать недействительной

Утерян аттестат на имя Бейсеевой Раушангуль Сейдалиевны об окончании 11 класса в средней школе №25 села Жанатаалап Илийского района, получен в 2003 году.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Kazakhmys Distribution» (Қазахмыс Дистрибьюшн) (далее – Товарищество) (местонахождение Исполнительного органа: Республика Казахстан, область Ұлытау, город Жезказған, улица Искака Анаркулова, дом 17, почтовый индекс: 100604) уведомляет своих участников, что в соответствии с решением Единoличного Исполнительного органа – Генерального директора, 24 июля 2023 года в 11.00 часов по адресу: город Жезказған, улица Искака Анаркулова, дом 17, состоится очередное общее собрание участников Товарищества в очной форме (далее – Собрание).

Регистрация участников осуществляется 24 июля 2023 года по указанному адресу с 09 часов 30 минут до 10 часов 45 минут. Список участников, имеющих право на участие в Собрании, составляется по состоянию на 00 часов 00 минут 21 июля 2023 года.

Повестка дня Собрания:
1. Отчет Исполнительного органа о работе Товарищества за 2022 год;
2. О деятельности членов Ревизионной комиссии Товарищества;
3. Отчет Ревизионной комиссии Товарищества за 2022 год;
4. Об утверждении годовой финансовой отчетности за 2022 год, заключения Ревизионной комиссии за 2022 год;
5. О порядке распределения чистого дохода Товарищества по итогам 2022 года;
6. О деятельности Исполнительного органа Товарищества;
7. О деятельности Наблюдательного совета Товарищества.
С материалами по вопросам повестки дня Собрания можно ознакомиться по месту нахождения Исполнительного органа Товарищества.

Собрание проводится в порядке, определенном Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и до-полнительной ответственностью» (далее – Закон) и Уставом Товарищества. Перед открытием Собрания будет проведена регистра-ция прибывших участников Товарищества (их представителей). Представители участников должны предъявить документы, под-тверждающие их полномочия на участие и голосование на Собрании. Не зарегистрировавшийся участник (представитель участника) не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании. При наличии кворума Собрание будет откры-то в объявленное время первым руководителем Товарищества. На Собрании будут проведены выборы председателя и секретаря Собрания. До обсуждения вопросов, включенных в повестку дня, Собрание будет констатировать кворум. Предполагается открытая форма голосования по вопросам повестки дня. Каждый участник Товарищества при голосовании на Собрании имеет число голосов, соответствующее его доле в уставном капитале Товарищества. Протокол Собрания будет оформлен в десятидневный срок после проведения Собрания. Протокол Собрания подписывается предсе-дателем и секретарем Собрания.

Если Собрание не состоится в указанную дату, повторное общее собрание участников Товарищества состоится 25 июля 2023 года в 11.00 ч. по адресу город Жезказған, улица Искака Анаркулова, дом 17. Собрание проводится в соответствии со статьями 42-49 Закона.

